

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ

22.1.2025

## Денешынықтыру сабағында қолданатын ұлттық ойындар түрлері

Авторы: Жумахметов Умирхан Жалгасович – денешынықтыру пәні  
мұғалімі

Луговой ауылы

УДК: 038-Ө



Жалпы білім беретін Денешынықтыру пәні мұғалімдеріне арналған

Тұрар. Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралған.

## Ұлттық ойындар



## Кіріспе

Тарих толқынында қаншама өзгерістер болғанымен, ұлттық ойындар, дене тәрбиесіне қатысты деректер аз өзгеріске ұшырағандығы байқалады. Бұл әдістемелік құралдың мақсаты — денешынықтыру пәні мұғалімдеріне ұлттық мәдениетіміздің дене тәрбиесіне қатысты жақтарын анықтап көрсету. Сонымен қатар көптеген ұмыт болған ойын түрлерін қайта зерделеп денешынықтыру сабағында қолдану ұсынылды. Мысалы, сол заманда ең көп тараған «Шөген» ойыны (ат үстінде отырып допты қуалап ойнау), қазіргі кезде Еуропада «Поло» атымен кең тараған, ал өзімізде мүлдем ұмыт болған.

Жаратылыста дене мүшесінің қалыптасуы барлық адамдардікі бірдей бола бермеген. Алайда, алғашқы адамдардың табиғатпен күрестегі әлсіздігі, аң аулауда кейде сәтті, кейде сәтсіз болатындығы және мүсінді-күштілердің нәзіктеріне қарағанда табиғат кесепатын, зардабын аз тартатындығы осының бәрі жеке бастың мүсін ерекшеліктерінде болды.

Ұсынылған халық ойындары жас өспірімдердің бір ортада өмір сүруіне және өзара қарым-қатынас жасауға себепкер болады, бұл кезеңде қалыптасқан ойындардың көпшілігі далада ойнайтын ойындар. Мысалы, ақ сүйек, алтыбақан, айгөлек, арқантартыс, соқыртеке, тағы басқа ойындар. Осы ойындар күні бүгінге дейін мәнін жоймаған.

Бұл ойындар жас оқушылардың жүгіріп, күш көрсетіп ойнайтын ойыны болғандықтан, өкпенің жұмыс қабілетін арттырып, дененің барлық мүшесін шынықтырып, баланы шап-шандыққа, батылдыққа тәрбиелейді.

**Әдістемеліктің мақсатты:** Ұлттық ойындарды дене шынықтыру сабағында кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;

**Міндетті:**

- қазақ халқының ерлік-жауынгерлік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру,
- өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;
- жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

**Жаңалығы , өзектілігі, педагогикалық мақсатқа лайықтылығы:**

Бұл әдістемеліктегі ұлттық ойын ойнатудың негізгі өзектілігі балалардың денсаулығын нығайту болып табылады. Ал жаңалығы болса денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту. Оқушылардың бойында денені шынықтыру мәдениетін қалыптастыру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру бұл әдістемеліктің педагогикалық мақсаты.

**Күтілетін нәтижелер:** Педагог сабақта қажетті дене қозғалыс, танымдық-қозғалыс жаттығулары арқылы оқушылардың сабаққа деген белсенділігін артырып, оқушылардың денсаулығын қалыптастырады.

## Ұлттық ойындар мазмұны және тәрбиелеу жолдары

Ұлттық ойын – денешынықтыру сабағындағы іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қажет. Осы Әдістемелік жинақтағы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор. Жалпы орта мектеп мұғалімдеріне әдістемелік құрал болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс-әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз. Оқушылар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады.

Қазақтың ертеден келе жатқан спорттық дене шынықтыру ойындарының бірі, қазіргі бізге жеткені - "қазақша күрес". Екі топтан шыққан палуандар қоян-қолтық ұстасып, аяқтан шалу, жамбасқа түсіру, көтеріп алып жауырынға жатқызу, тағы сол сияқты айла-тәсілдерді қолдау түрлеріне де ерекше тоқталып кетеді.



Палуандар күресі біткеннен кейін "жаяу жарыс" басталған. Бұл ойынға қатысушылардың санына шек қойылмаған. Екі топтың өзара келісімі бойынша белгіленген екі көмбенің арасын жүгіріп өтулері керек болған. Жаяу жарысқа қатысушылар қандай қашықтыққа жүгіретінін білмеген, өйткені екі көмбе арасы өлшенбеген.



Тек бертін келе мөлшермен өлшенген, ол шамамен бір шақырымнан он бес шақырымға дейінгі қашықтық алынған. Жаяу жарысқа қатысушылардың әрқайсысы өзінше жүгіріп, бірінші келгені жеңімпаз атанған.

Аң мен құстың жүріс-тұрысын, қимылын, дауысын салып, еліктеу көне заман аңшыларының дәстүрлік ойын-сауықтарынан қалған белгі болса керек. Міне осындай негіздерде келіп қалыптасқан ұлт ойындарының бірі - "аңшылар". Жүргізуші күні бұрын белгіленген үлкен киіз үй орнындай шеңбердің бойына үш жерге қолдарына доп беріп үш ойыншыны тұрғызады. Бұлар - "аңшылар". Қалған ойыншылар "үйрек" болып ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша шеңбердің ішіне жамырай жүріседі. Ал тоқта деген кезде бәрі орындарында қозғалмай қалуға тиіс. Осы кезде "аңшылар" қолдарындағы доптарымен "үйректерді атқылай бастайды. "Аңшылар" атқылаған кезде үйректерге доптан бұлтаруға болады, бірақ тұрған орнынан жүгіріп кетуге болмайды. "Өлген үйректер" "аңшыны" алмастырады, ал үйректерге тигізе алмаған "аңшылар" доптарын алып, қайтадан атқылаулары керек.



Осылайша үш "аңшы" орындарын ауыстырғаннан кейін ойын қайта басталады. Бұл ойынның екінші турында ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Бір тобы - "үйректер" шеңбердің ішінде қалады, екінші тобы — "аңшылар" шеңбер бойымен қатар тұрады. Жүргізушінің белгісі бойынша "аңшылар", "үйректі" атып ала бастайды. Ойын уақытпен ойналады. Белгілі уақыт өткеннен кейін "аңшылар" мен "үйректер" орындарын ауыстырады. Ойынның соңында белгіленген уақыт аралығында көп "үйрек" атып алған "аңшылар" тобы ұтқан болып есептеледі.

Тәуелсіздік алған еліміздің келешек ұрпақты, халықтық және эпостық-мәдени тұрғыда тәрбиелеуі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл мәселенің шешімін табу үшін үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай қайта қаралып, оны жетілдіру жолында іздестірілуде. Мұндағы алға қойылып отырған негізгі

талаптар- Қазақстан білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім беру кеңістігінде толық енуінің алғашқы ұлттық даму стратегиясын жасап, моделін құру. Бұл талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмысты үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы-мектепте баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлтымызға тән қасиеттер бойына сіңген шәкірт тәрбиелеуден бастағанның маңызы өте зор.

XXI – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, олардың жауынгерлік рухта ержетуін ұқыптылықпен қадағалаған. Ойын адамның өмірге қадам басатын алғашқы адымы. Сондықтан бала үшін ойынның мәні ерекше. Ойын баланың негізгі іс - әрекетінің бір көрінісі болып табылады. Қазақ халқының ұлы ойшылы А. Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама?» деп айтқандай ұлттық ойын бала өмірінде ерекше орын алады. Ойынды көркемдік іс - әрекетінің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойынға шартты түрле мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс - әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл - ой, адамгершілік дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі. Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады.

Ұлттық ойын тәрбие құралы арқылы ақыл - ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, жақсы ұғысады және өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай, олардың көзқарастарын, мінез - құлықтарын қалыптастыру құралы деп те ерекше бағалаған.

Ойынды сабақта қолдану оқушының ой - өрісін жетілдіру мен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы деп білген. Бос уақытта әртүрлі ойындар ойнаған баланың денсаулығы үшін өте пайдалы. Жастардың ұлттық сана - сезімнің дамуында қазақтың ұлттық ойындарының алатын орны айрықша.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын - сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығына жақсартуда пайдалы аса күшті екені қилы.

Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді.

Қазақтың ұлттық ойындарының қоғамдық және әлеуметтік маңызы аса зор. Ұлттық ойындар қазақ халқының ежелгі - мәдениеті мен өнерінің де



ешкімнен кем болмағанын байқатады. Қазақ халқы ұлттық ойындарға бай халық. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып жатыр. Ата – бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек өмір сүруімізде ұлттық ойындардың атқаратын міндеті айрықша. Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепте оқу-тәрбие процесінде балаларды жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеуді жүзеге асыруда, балалардың мінез-құлқын қалыптастыруда ұлттық педагогиканың алатын орны зор, оның ішінде ойынның орны ерекше. Балалардың ойын арқылы тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осыған сәйкес дәстүрлі құндылықтар негізінде жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеудегі қазақстандық қоғамның қажеттіліктері мен мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеуді қалыптастыру жүйесінің жеткіліксіздігі бірнеше қайшылықтар туындатады.

Халқымыздың ұлт ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріліп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші, өсе келе соған белсенді қатынасушы, келесі кезеңде үйретуші, жаттықтырушы, ұлғая келе көруші жанкүйер ретінде қатынасады. Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдалану қажет. Кейінгі кезде ұлт ойындарында көңіл бөлу нәтижесінде, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жуық.

Қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырылды:

Бірінші топқа, сол жастағыларға лайықты: «санамақ, тәй-тай, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, ақ серек- көк серек» т.б.



Екінші топқа: «Тақия тастамақ, тартыс, сиқырлы қоржын, бәйге, көкпар, қыз қуу, асық, хан талапай, теңге алу, орамал тастамақ, ақсүйек, күрес» т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады



Қазір бізге жеткен ойындарымыз: тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары.

құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балдарды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған.

Қазақтың көне жыр-дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Ойындардың үйретуші мүмкіндіктері туралы бұрыннан белгілі. Көптен белгілі педагогтар оқыту процесінде ойындарды қолдану тиімділігіне баса назар аударған. Ойында адамның, әсіресе баланың қасиеттері ерекше толық және кейде күтпеген жерден пайда болады.

Ойын – эмоциялық және ақыл-күштерінің қысымын талап ететін, ерекше ұйымдастырылған жұмыс. Ойын әрқашан шешім қабылдауды болжайды – не істеу, не айту керек, қалай жеңу керек? Бұл сұрақтарды шешу тілегі ойнайтындардың ойша қызметін шиелінестіре түседі. Балалар үшін ойын ең алдымен – қызықты ермек. Ойында бәрі тең. Ол тіпті әлсіз балалардың да қолынан келеді. Бала ойыны – кең түсінік. Сабақтағы ойындардың орны және ойынға берілетін уақыт бірқатар факторларға байланысты: балалардың дайындығына, оқытылатын материалға, нақты мақсаттар мен сабақ шарттарына және т.б. Егер ойын бірінші бекіту кезінде жаттықтыратын жаттығу ретінде қолданылатын болса, онда оған сабақтың 20-25 минутын беруге болады. Көптеген ойын құралдары қандай да бір белгілі тақырыппен байланысты емес, сондықтан, әрине, оларда балаларға таныс емес лексиканың біраз пайызы бар. Біз оны ойын шарттарын түсіндіру процесінде енгізуді ұстанамыз. Ұлттық қимылды ойындар балалардың Қозғалу белсенділігінің дамуы, олардың денсаулығының күшеюі үшін қолайлы жағдай жасайды, қандай да бір оқу-тәрбиелеу тапсырмаларын шешуге жәрдемдеседі. Қимылдық ойындар белгілі ережелер бойынша ұйымдастырылады, балалар оларға сәйкес әрекет етеді, қарым-қатынас жасайды. Мен ұлттық ойындарды балаларға, серуендерде, сабақ арасындағы уақыттарда, сондай-ақ қандай да бір оқу тапсырмаларын орындау кезінде сабақтарда немесе бой сергіту кезінде ұсынамын. Ұлттық ойындар: Педагог ойын арқылы әр баланың игі бастамасын өрбіте, өзіндік мінез-құлқын қалыптастырады, әр баланың бойында өмірге деген белгілі бір бейімділігі сүйікті істер болады. Соны дер кезінде байқап, жан-жақты дамыта тәрбиелеу қажет. Педагог ойын ойнауға жағдай туғызып, балалардың ойынға белсенділігін үнемі арттырып отыруға тиісті. Балалардың өзара ынтымақтық жағдайында балалардың ойынды өз қалауымен бастауы, не болмаса еркімен қатысуы аса маңызды. Ойын сонау ата-бабалар заманынан бері мазмұн жағынан толысып, дамып, дәстүрлі жалғасып келеді. Ойын еш уақытта да дамудың бір сатысына жеткенде тоқтап қалмайды, жетіле түседі. Әр бір ойын-сабақтарды қызықты, өзекті ететін тәсілдердің бірі.

Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, тіпті бала жай демалып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар



баланың барлық жас кезеңінде өтеді. Денешынықтыру сабағында қолданатын ұлттық ойындар:

«Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып аландағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады.

Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл –қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді.

Яғни, қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады. Аса көрнекті үздік педагог Н.К. Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бала организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады». Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал келтіріп кетейін: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз.

Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл – ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл – ойы, парасаты ұлттық салт – сана сіңіру арқылы байи түседі.

Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану оқу іс-әрекеті тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Балаларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Бала ойынының үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Педагог әр баланың еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы білгірлікке баулиды.

Балаларымыздың асыл қазыналарына деген көз қарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдылыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Баланың сөздік қорын байыта түседі.


Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М. Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеріп жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен-тегін айтпаса керек.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан-жақты жетілдіруге бағытталған. Өзгені былай қойғанда жан-жануарлар қалай дыбыстайды, қалай іс-әрекеттер жасайды, оларды тілімізде қалай айтады дейтін танымдық, тілдің маңызы зор мәселелерді «Қалай айтуды білесің?» ойынның өзі балалардың құлағына құйып береді.

Ұлттық ойындарды ойнатудағы мақсат, бала өз халқының ұлттық мәдениетімен танысады, өз халқының болмысын танып біледі, адамгершілік-патриоттық рухы өз бойына сіңіріп өседі. Ойын баламен мәңгілік өмір сүреді. Баланың өмірін қозғалыссыз елестете алмайсың.

Сондықтан ұлттық ойындар балалардың қозғалу белсенділігін дамуы, олардың денсаулығының күшеюі үшін қолайлы жағдай жасайды, қандай да бір оқу-тәрбиелеу тапсырмаларын шешуге, соның ішіндегі ойын үйрету бойынша тапсырмаларды шешуге жәрдемдеседі. Ұлттық ойындар белгілі ережелер бойынша ұйымдастырылады, балалар оларға сәйкес әрекет етеді, қарым-қатынас жасайды. Сондықтан ойын-баланың өмірінің нәрі деп білеміз.

Ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды жоғалтып алмай, ұрпақтан - ұрпаққа жетуін насихаттау, халқымыздың, баршамыздың міндетіміз деп білейік.



## Тәжірибелік бөлім

Ойындардың жүргізілу әдіс – тәсілдері

Халқымыздың тарихи – мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Осындай құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан - ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады.

Баланың өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді. Өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Іздемпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы) байқалады.



Ұлттық ойынның мақсаты: Баланы пәнге қызықтыру, логикалық ойлауын дамыту. Таным әрекетін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау, алған білімді тексеру, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түседі. Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Ойынға толық сынып қатысады.

Өтілген тақырыптардағы сабақ материалына лайықталған есептерді алу.

«Арқан тартыс» ойынының негізгі шарты 2 топтың сынасуы болса, математика сабағында 2 топ білімімен сынасады.



Алдымен ойын шартын түсіндіру. Ұзын жіпті тақтаның жоғарғы жағынғы 2 шегеге іліп, ұштарын теңестіріп қою. Арқанның қызыл мата байлаған жерін


тең етіп қою. 2 топтан 1-1 оқушы шығып, 1 мезгілде есеп шығаруға кіріседі. Қай топтың оқушысы бұрын шығарса, жіптің ұшын өзіне қарай тартады. Нәтижесінде арқан қай топқа қарай көп жылжыса сол топ жеңді деп есептеледі.

Ұлттық ойындар ата-бабаларымыздан бізге жеткен «ханталапай» ойынын топтық жарыс сабағында пайдалануға болады.



Бұл негізгі шарты бойынша шашылған асықты алу арқылы тапсырмаларды орындау тапсырылады. Математика сабағында 2- топтан 2- оқушы қатысады. Асықтағы нөмер бойынша сол тапсырмаларды орындайды. Бұл баланы жылдамдыққа, жылдам есептеуге, ептілікке үйретеді.

«Ақсүйек» ойынын сүйекті лақтырып, оны іздеу арқылы ойнаған. Тақтаға нөмірленген, артына тапсырмалар жасырылған әртүрлі түсті қағаздар ілінеді.



Тапсырманың біреуінде ақсүйектің суреті жасырылған. Нөмерлерді таңдау арқылы ақсүйекті табу тапсырылады. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою арқылы пайдалануға болады. Ойын ойнау барысында балалар өздерін еркін сезінеді. Іздемпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою) байқалады.

«Сиқырлы қоржын». Бұл ойынды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдануға болады. Ойынның шартына сәйкес оқушылар кезекпен қоржын ішінен асық алады. Асықтарда сандар жазылған, қай сан шықса, сол санға берілген сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

Күтілетін нәтиже:

-сабақта тұрақты белсенділік, қызығушылық пайда болады.



-оқушы тұлға ретінде өзін көрсете біледі, оның іс-әрекеті өзінің қабілеті мен деңгейіне байланысты болады.

-ойын арқылы бір-бірімен тез тіл табысады, жақсы ұғысады, бір-бірінен ептілікті сергектікті үйренеді.

-оқушылардың қабілеттері айқындалады.

В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

**Тоғызқұмалақ** – стратегиялық ойындардың бірі. Ол логикалық ойлауды және жоспарлауды талап етеді. Ойынның мақсаты – қарсыластың барлық құмалақтарын өз жағына жинау. Бұл ойынның тарихы терең және ол көшпенді халықтың интеллекті мен стратегиялық ойлау қабілеттерін көрсетеді.



Қазақтың көрнекті жазушысы Сәкен Сейфуллин тоғызқұмалақ туралы «Тоғызқұмалақ – ұлттық ойынымыздың тендесі жоқ үлгісі, ол біздің халқымыздың зеректігі мен тапқырлығын көрсетеді» деп атап өткен.

**Асық ойындары** – балалар мен жастар арасында танымал ойын. Олар физикалық белсенділікті, реакция жылдамдығын және шапшаңдықты дамытуға көмектеседі. Асық ойындарының әртүрлі түрлері мен әдістері бар, және олар әрбір өңірде өзіндік ерекшеліктерімен ойналады.

Қазақ зерттеушісі Гүлнар Әбдіғалиева «Асық ойындары балаларға тек ойын ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды үйрету құралы болып табылады» деп асық ойындарының әлеуметтік рөлін атап өткен.

**Ләңгі ойыны** – қазақтың дәстүрлі ойыны, ол физикалық күшті, икемділікті және тактиканы талап етеді. Бұл ойынның ережелері мен тапсырмалары күрделі болуы мүмкін, әрі ол халықтың дене шынықтыру мен ұйымшылдығын арттыруға бағытталған.



Қазақстанның спорттанушысы Қайрат Медеубеков «Ләңгөр ойыны халқымыздың дене шынықтыру мен ұйымшылдығын арттыруға бағытталған,

әрі ұлттық спорттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады» деп жазған болатын.

**Көкпар** – ат үстінде ойналатын командалық ойын. Ойынның мақсаты – қарсыластың атынан қойылған көкпарды (қойдың терісін) өз команданың аймағына жеткізу. Бұл ойын көшпенді халықтың жауынгерлік өнерінің бір бөлігі болып табылады. Көкпар ережелері мен әдістері әр аймақта өзгешеленеді, бірақ негізінен аттардың күш-қуатын, командалық жұмысты және спорттық шеберлікті көрсетеді.

**Қыз қуу** – ат үстінде ойналатын ойын, мұнда жігіт қызды қуып жетіп, оны қолына түсіруі керек. Бұл ойын көбінесе жастар арасындағы махаббат пен ерліктің белгісі ретінде қарастырылады. Қыз қуу ойындары дәстүрлі мерекелер мен тойларда жиі өткізіледі. Ойынның шарты бойынша, жігіт қызды қуып жетіп, бетінен сүйіп үлгеру керек. Егер белгіленген межеге дейін қызды қуып жете алмаса, онда қыз жігітті қуып жетіп қамшымен ұруы шарт. Бұл ойында аттың жүйріктігі, қыз бен жігіттің ептілігі сыналады. Көңіл көтеру үшін ұйымдастырылатын болғандықтан көшпенділер заманында жастар арасында кең тараған.

**Жамбы ату** – садақпен атудың бір түрі. Ойынның мақсаты – жылжымалы немесе бекітілген нысананы дәл атып, шеберлікті көрсету. Жамбы ату қазақ халқының садақ ату өнерін сақтауға және дамытуға арналған маңызды ойындардың бірі.



**Теңге алу** – жерге тасталған теңгелерді атпен өтуден бұрын, оларды арнайы құралмен жинау. Бұл ойын аттың дәлдігін және тепе-теңдігін көрсетеді. Теңге алу – ұлттық спорттың ерекше түрі, ол көне дәстүрлер мен құндылықтарды сақтауға бағытталған.

**Аударыспақ** – екі адамның бір-бірін ат үстінде аударып тастауға тырысатын күрес. Бұл ойын физикалық күш-қуатты, батылдықты және шеберлікті талап етеді. Аударыспақ көшпенділердің жауынгерлік өнерін көрсетуге бағытталған.

**Құнан жарыс** – ат жарыстарының бір түрі. Мұнда аттардың жылдамдығы мен төзімділігі тексеріледі. Құнан жарыстары ауылдық мерекелер мен ұлттық деңгейдегі жарыстарда өткізіледі.

**Жарыс құрт** – аттың шапшаңдығын тексеретін ойын. Мұнда аттардың физикалық күш-қуаты мен спорттық шеберлігі бағаланады. Бұл ойын аттың тәрбиесі мен дайындық деңгейін көрсетеді.



## Қорытынды

Қорыта айтқанда, ұлттық ойындар – ата-бабамыздан бізге келіп жеткен, өткен мен бүгінді байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны денешынықтыру сабағында үйренудің, күнделікті тұрмыста пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуде пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Сонымен қатар ойын – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі болмақ. Ұлттық ойын – денешынықтыру сабағындағы іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Әдістемеліктегі ұсынылған ұлттық ойындар – оқушының дамуында басты роль атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру әдістемелікте қолға алынған. Жинақтағы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор. Тағы бір көңіл аударатынымыз ұлттық ойындар еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай-ақ заман ағымына да белсене қатысады. Қазақ ұлттық ойындары көшпенділердің өмір салтымен тығыз байланысты. Ол өз заманының қажеттіліктеріне сәйкес дамып отырған. Мысалы, ат бәйгесі мен күрес жауынгерлік өнердің бір бөлігі ретінде қарастырылса, ал тоғызқұмалақ және асық ойындары стратегиялық ойлау мен физикалық шеберлікті дамытуға бағытталған. Қазақтың ұлттық ойындары халықтың әлеуметтік өмірінде маңызды рөл атқарады. Олар мерекелік іс-шараларда, жастарды тәрбиелеуде және халықтың мәдени бірлігін нығайтуда кеңінен қолданылады. Бұл ойындар халықтың тарихы мен дәстүрлерін сақтауға көмектеседі, әрі ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Соңғы жылдары өзге елдердің қазақтың ұлттық ойындарына деген қызығушылығы артып келеді. Халықаралық деңгейде өтіп жатқан шаралар мен фестивальдар, сондай-ақ түрлі мәдени алмасу бағдарламалары қазақ ұлттық ойындарын әлемге танытуда маңызды рөл атқарады. Бұл ойындардың ерекшеліктері мен тартымдылығы халықаралық аудиторияны қызықтырады. Халықаралық мәдениет сарапшысы Джеймс Харрис «Қазақ ұлттық ойындары өздерінің ерекше тарихы мен дәстүрлерімен әлемді таңғалдырады деген. Олар тек ойын емес, сонымен қатар халықтың мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Бұл ойындарды халықаралық деңгейде таныстыру арқылы біз әр түрлі мәдениеттер арасында көпір саламыз

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. "Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл": Әдеби-этнографиялық таным (кұрастырғандар Б.Әлімқұлов, Е.Әбдіраманов). 238б., 1994. ISBN 5-7090-0195 «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы»
2. «Фәниден бақиға дейін» А.Жүнісов. Алматы «Қайнар» баспасы 1994 ж.
3. «Қазақ мақал- мәтелдері». Алматы «Ана тілі» баспасы 1993 ж.
4. «Қазақ халқының салт - дәстүрлері» Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «Рауан» баспасы, 1994 ж.
5. «Тілашар тойы». Алматы «Өнер» баспасы , 1992 ж.
6. «Интернет желісі» . «Қазақтың ұлттық ойындары»- сайты.-3

## Қосымшалар

Теменде М.Қашқаридың аталған еңбегінде кездескен ұлттық спортқа қатысты сөздерге тоқталайық.

Ел - аттың тағы бір сипаттағы атауы. Ат түріктердің қанаты болғандықтан, атты ел деп те атайды. Атбағарларды (ат бапкерлерін) ел басы дейтіні сондықтан.

Етеш - балалар жасырынын ойнайтын шұңқыр.

Оңлұқ - садақ.

Арқұн - жабайы айғыр мен қолдағы қысырақтан туған будан. Бәйгеде көбінесе осындай аттар озады.

Ігіш - тарпаң мал, асау, көнбейтін ат.

Ұлағ - ылау. Бекеттерде ауыстырып мінетін ат.

Үшан - екі желкенді кеме.

Ереңшү - бойы екі кез келетін бәкене кісі. Ергежейлі.

Арсалық - әрі еркек, әрі ұрғашы.

Сып - екі жасқа толатын тай.

Боймал - мойнында ағы бар ат.

Бақанұқ - жылқы тұяғынын ортасындағы жүрекше ет.

Қапа иулуг оқ - желегі биік оқ, жебе.

Күбе - шыжыр сауыт, темір сауыт (көбе).

Боры - оқ басының жебе ұшына енгізілетін тұсындағы ойық, кертілген айыл басы.

Теке - еркек киік. Оның мүйізінен садақ жасалады.

Тылы - оқтың басына (ұшына) байланатын (кигізілетін) қайыс.

Қарвы иа - жіңішке садақ.

Шырғүй - жебе басының қалың, жуантық тұсы.

Қарагұны - балалардың ақшамда ойнайтын ойын түрі.

Бағдады - шалды. Ол күрескенде оның аяғын шалды.

Мүңіз - мүңіз: мүйіз-мүйіз. Балалар ойыны. Балалар су жағасында тізіліп отырады. Олардың бірі мүйіз-мүйіз дейді. Екінші бала мүйізді малдарды тізіп айта бастайды. Балалар оның айтқанын қайталайды. Айтушы бала сөз арасына мүйізсіз мал айтып қосып жібереді. Қай бала соған ілесіп өлгі малдың атын атап жіберсе, сол баланы суға итеріп жібереді.

Таңұқ - соғыста найзалардың басына байлайтын жібек белгі.

Сыңарсұқ - екі кісі атқа мінгескенде, мінгескен адамның мінген тұсы.

Сіңірледі - сіңірледі. Ол садағын сіңірмен қаптап орады.

Сүріледі - жеребе тастады.

Сөкмен - батырларға берілетін аттардың бірі. «Жазудың қатарын, сапын бұзушы» деген мағынада.

Құрман - оқ, садақ салатын қалта.

Тұғзағ - ұрыс кезінде хақан тарапынан әскер қолына беріліп, соғыс біткеннен кейін қайтарып алынатын ат.

Батрақ - ұшына бір бөлек жібек мата байланған таяқ. Соғыс кезінде әскер өзін сол арқылы білдіреді.

Қысмақ - үзеңгінің екі жағындағы қос қабат қайыс. Үзеңгі осы қайыстардың арасында тұрады.

Шекрен - жүннен тоқылған жеңсіз тон.

Күблүк — лай батпақты илел, жаңғақтың үлкендігіндей етіп жасап кептірілген сақа. Ол қолмен, не сақпанға салынып атылады.

Ілекеш ойыны. Адам тобықты ашатаяқпен ұрып ойнайды. Кім тобықты қатты алығса ұрса, сол ойынды бастайды. Қазіргі гольф ойынына өте ұқсас ойын.

Қаршыды, қапшыды — карпысты, таласты. Ол менімен бірге тобық карпысты. Шөген ойнап, доп қағысып таласты. Шөген (Поло) ойыны сол кезде бар екендігін байқаймыз.

Ол менімен бірле иа құрұшды. — Ол менімен бірге айдақ құрысты, яғни шеберлік, күш-қуат, мергендікте қайсымыз күшті екенімізді білу үшін садақ құрысып, нысана кездесті деген мағынада. Садақты ату жарысында құралмаған садақты құрып барып, садақты ату тәртібін енгізуге болатындығы.

Шевруштi - айналдырысты. Жебенің түзу-қисықтығын білу үшін тырнақ үстіне айналдырып тексеріп байқайды.

Шемменді - жеребе тастады.

Жерметті - түйдірді, өргізді. Атынын құйрық-жалын асыл жібекпен түйгізу ерліктің, батырлықтың белгісі.

Тін - рух, жан.

Тін- жүген, тізгін.

Құрк - бөрі, қасқыр.

Бағыр - бауыр. Ешкімге бойын имейтін адамды: үлкен бауырлы дейді. Садақтың орта тұсын да садақтың бауыры дейді.

Талас- ат бәйгесінде Шөген доп ойынында алаңның шетіне тартылатын керме арқан.

Шалыш - шалыс, күрес.

Құғұш - қуғыш. Оқ жасау үшін қолданылатын ағаш сайман.

Шабығ - қамшының ұшы.

Башақ; - оқ, не найзаның ұшындағы темір.

Топық" - тобық. Шөгенмен ұрып ойнайтын доп.

Кедүк - жүннен тоқылған, дулығаның ішінен киетін бас киім.

Тасал; - шөген ойнағанда алдынағы шекараны белгілеп сызылған сызық.

Соқым - жебенің, оқтың ағаштан жасалған құйрығы. Ағашты, аршаның қалқанды бұтағы секілді кесіп алып, ішін ояды, бір ұшын тесіп оққа кигізеді, екінші ұшы дүмі болады, сонда оқ түзу салмақты ұшады.

Тосүн - мінілмеген, үйретілмеген асау, тарнаң тай.

Шөген - шөген ойыны. Қазіргі уақытта Еуропада «Поло» деп атайды.

Шұрам - жеңіл оқ ату. Бұл әдеттегідей атылған оқтан ұзаққа барады. Атқан адам арқасына жатып атады.

Шұрам оғы дейді.

Қалва - үйренушілер оғы. Темір басынын орнына ағаш бекітілген оқ.

Кеткі - кеткі ат. Төсі кен, белі жіңішке ат.

Кесме - жалпақ ұшты найза, немесе оқтын ұшы.

Көшүрме ойын - көшірме ойын. Бұл «он төрт» деп ойнайтын ойын. Жерге ғорғанға ұқсатып төрт сызық сызып, оған он есік ашылып, малақ тас, жанғақ, соған ұқсас нәрселерді тастап ойнайды.

Шығылбар - кішкене қысқа оқ.

Шевүрген — шыр айналдырған. Тырнағының ұшында садақ жебесін айналдырған адам. Жебенің түзу, салмағының тен бөлінгендігін анықтау үшін жасалады.

Махмуд Қашқаридың сөздігінен алынған жоғарыдағы деректерді бере отырып, осы деректерді ғылыми айналысқа енгізу арқылы қазақтың дене тәрбиесі мәдениетінің бұрыннан негізі қаланғандығын дәлелдеу басты мақсатымыз болып табылады.